

**2019 жылға арналған Баянауыл ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Павлодар облысы Баянауыл аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 167/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 мамырда № 6374 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Енбек кодексінің 18-бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7) және 8) тармақшаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата - анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мақсатында Баянауыл ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, Баянауыл ауданының кәсіпорындарында, ұйымдарында және мекемелерінде:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы жұмыскерлердің тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы жұмыскерлердің тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Ж. Жұмашевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*О. Каиргельдинов*

Баянауыл ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "20" мамырдағы  
№ 167/5 қаулысына  
1-қосымша

**Баянауыл ауданы бойынша пробация қызметінің есебінде  
тұрған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасы**

Р/ с №	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері ( жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	148	1	1
2	"Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Баянауыл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	398	1	4

Баянауыл ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "20" мамырдағы  
№ 167/5 қаулысына  
2-қосымша

**Баянауыл ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан  
босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасы**

Р/ с №	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері ( жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	148	1	1